

**Мәтінмен жұмыс - оқылым
дағдысын жетілдірудің негізі.**

Оқылым дағдысын
жетілдіру оқу
бағдарламасында
қалай қарастырылған?



«Оқылым және
мәтінді талдау»
а) бөлімі

СЖБ

Бағалау міндеттері	Қолжетімді баллдар	Сипаттамасы
БМ1 БМ2 БМ3	35	1-сұрақ жалпы 600 сөзді құрайтын екі үзіндіге негізделген. Үзінділер бір-біріне тақырыбы бойынша байланысты болып келеді. 1-сұрақ екі жазбаша тапсырмадан тұрады: (а) бөлімінде білім алушылар екі үзіндінің жазылған стилі мен тілін салыстырады, (б) бөлімінде білім алушылар арнайы мақсат пен аудиторияға бағытталған 180 сөз жазуы тиіс.
БМ1 БМ2 БМ3	15	2-сұрақ 500 сөзден тұратын ауызша мәтінге негізделеді. Білім алушылар осы мәтіннің стилі мен тілінеталдау жасауы тиіс.
Барлығы	50	

Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау оқушыда қандай білім мен дағдының болуын талап етеді?

мәтіннің формасы, түрі, мақсаты, мазмұны, көзделген аудиториясы, стилі мен тілін талдай отырып, тіл теориясын кешенді түрде меңгеру деңгейі мен ғылыми сараптама жасау дағдысын



	Мәтіннің түрлері	Ерекшелігі	Мысал, үлгі
1	Ақпараттық мәтіндер	<p>Белгілі бір ақпарат беру үшін жазылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> •- етістіктері осы шақта болады; •- 3-жақта қолданылады; •- нақты сипаттау кездеседі; •- техникалық сөздік қор қолданылады; •- ресми тілде жазылады; •- тармақшаланған элементтер кездеседі; •- тақырыптар мен тақырыпшаларға бөлінеді; - диаграммалар мен суреттер қоса берілуі мүмкін. 	<ul style="list-style-type: none"> - жаңалық; - кеңейтілген ақпарат; - жазбалар (заметки); - жарнамалық –ақпараттық мәтін; - хабарландыру; -кестелер; - мақала ; - Комментарий (түсініктеме)
2	Талқылау мәтіндері	<p>Белгілі бір мәселе көтерілген мәтіндер бойынша мәселенің екі жағы қарастырылады.</p>	<p>Күнделікті өмірдегі кез-келген мәселе <u>талқыланады</u>. Проблемалық сұрақ қатысады. Мысалы: Мектепте каникул уақытының болғаны дұрыс па, жоқ па?</p>
3	Түсіндіру мәтіні	<p>Белгілі бір нәрсенің қалай және неге орын алатынын егжей – тегжейлі <u>түсіндіру</u> үшін жазылатын мәтіндер.</p> <ul style="list-style-type: none"> - етістіктері осы шақта болады; •- себебін түсіндіруге қолданылатын шылаулар (себебі, егер) •- ретін санамалап көрсететін байланыстырушы сөздер (біріншіден, екіншіден) 	<p>Мысалы: Субмәдениет деген не? Жанартаулардың пайда болу себептерін <u>түсіндіреді</u>.</p>



4	Есеп немесе баяндама түріндегі мәтін	Бұл мәтіннің мазмұнында статистикалық деректер, тақырыптық ақпараттар, хронологиялық мәліметтер болады, ресми тілде жазылады.	- өмірбаян; - есеп беру; - мінездеме; - Белгілі бір іс-шараға қатысты мақалалар - баяндама (есеп беру түріндегі); - мемуар(өмірдерек)
5	Нұсқаулық немесе кеңес беру түріндегі мәтін	Бір мәселе жөнінде <u>нұсқаулық</u> немесе <u>пайдалы кеңестер</u> беріледі. -- Қарапайым, түсінікті тіл; -- бұйрық райлы етістіктер (араластырыңыз, атқарыңыз, кесіңіз); -- тек кішігірім ақпарат; •- тармақшаланған элементтер кездеседі; - диаграммалар мен суреттер қоса берілуі мүмкін	- Біреуге бір нәрсені қалай орындау немесе жасау реті жөнінде нұсқаулық, <u>кеңес беріледі</u> . - Пайдалы кеңестер (мысалы, «Дәріні қайда сақтаған дұрыс») - Заттарды пайдалану туралы <u>нұсқаулықтар беріледі</u> .
6	Сендіру мақсатында жазылған мәтіндер	Сөйлеушінің басқаларды сендіру немесе бір нәрсе жасауға жігерлендіру үшін айтқан белгілі бір пікірі, онда эмоция, риторикалық сұраулар қолданылады.	Жарнамалар , шешендердің сөздері, көпшілікке тасталған үндеулер (мысалы, депутаттар, Елбасының сөздері).
7	Бағалау мәтіндері	Белгілі бір нәрсеге ғылыми сипатта пікір айту мақсатындағы мәтіндер. Пікір білдіру.	Аннотация , рецензия, <u>баға беру</u> элементтері бар мәтіндер (артықшылығы, кемшілігі, пайдасы)
8	Анализ жасау	Бір мәселені бөлшектеп <u>талдау</u> , сынау, қайта біріктіру, қорытынды жасау мақсатында жазылған мәтіндер	Әдеби сын, ғылыми тақырыптағы мәтіндер, өнер туындыларын талдау мәтіндері

9	Баяндау мәтіні	<p>Белгілі бір оқиғаны суреттеп баяндау мақсатында жазылған мәтіндер</p> <ul style="list-style-type: none"> •- Өткен шақта; •- адамдарды, оқиға орнын , болған жағдайларды, іс – әрекетті баяндайды; •- ретін санамалап көрсететін байланыстырушы сөздер (•біріншіден, екіншіден, кейін, содан кейін т.б.) •- көңіл-күй етістіктері қолданылады. 	<p>Оқиға кейіпкерлерінің сөзі, іс – әрекеті, мінезі, келбеті қатысып <u>баяндалады.</u></p> <p>Оқиға болған күннің реті, жер жағдайы <u>баяндалады.</u></p>
10	Сипаттау мәтіні	<p>Белгілі бір нәрсенің, құбылыстың сын – сипатын егжей – тегжейлі <u>сипаттайтын</u> мәтін түрі.</p> <ul style="list-style-type: none"> •- өткен немесе осы шақ; •- сипаттама тіл (сын есімдер, үстеулер); •- көңіл-күй етістіктері мен нақты зат есімдер; •- сенсорлық елестетуді қолданады (көру, есту, елестету, дәм сезу, қолмен ұстағандай әсер, шынайы сезімдер туғызу); • -сипаттау үшін салыстыруды қолданады. 	<p>Табиғат көріністері, адам портреті, бейнесі, т.б. сын есімдер, үстеу түрлері қолданылып, заттар нақты және салыстырмалы түрде <u>сипатталады.</u></p>

Ғылыми стильдің ерекшеліктері

Ғылыми стильдің ерекшеліктері

Ғылыми стиль ғылым мен техника салаларында қолданылатындығы. Ғылыми стильдің басты мақсаты – хабарлама жасау және хабарланапы тұрған нәрсенің ақиқаттылығын логикалық дәлелдеу екендігі (ақпараттық-аргументтік функциясы).

Ғылыми стильдің ішіндегі кіші стильдер болуы:

- таза ғылыми стиль (академиялық);
- оқу-ғылыми стиль;
- ғылыми-техникалық стиль;
- ғылыми-көпшілік стиль.

Ғылыми тілдің ерекшеліктері: айқын логикалылығы мен кітаби тілді болуы. Айқын логикалық ғылыми мәтінде тілдің барлық деңгейлерінде: сөз тіркесінде, сөйлемдерде, көршілес орналасқан сөйлемдерде, абзацтарда, көршілес орналасқан абзацтарда, тұтас мәтінде байқалатындығы.

Ғылыми мәтіннің логикалығын сақтайтын құралдар:

- сілтеу есімдіктерімен бірге (сол, осы, ана т.б.) зат есімдердің қайталанып отыратын көмегі арқылы сөйлемдердің бір-бірімен байланысуы;
- ойдың ағынын бірізділікке түскенін көрсететін үстеулердің қолданысы (алдымен, ең алдымен, содан кейін, әрі қарай т.б.);
- тұтас ойды білдіретін сөйлемнің бөлшектерінің өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздердің қолданылуы (осылай ете келіп, біріншіден, екіншіден, қорыта келгенде, осының нәтижесінде т.б.);
- шылаулар арқылы (өйткені, үшін, себебі т.б.);
- байланыстырушы оралымдар мен конструкциялар арқылы (енді мына мәселеге тоқтайық..., ерешеліктерін атап өтетін болсақ, ... т.б.).

Ғылыми стильдегі мәтіндердің, негізінен, жазбаша түрде келетіндігі:

- ғылыми мақалалар мен хабарламалар;
- ғылыми әдістемелік құралдар;
- монографиялар;
- рецензия;
- аннотация;
- реферат;
- курстық жұмыс;
- ғылыми жоба;
- дипломдық жұмыс;
- ғылыми диссертация.

Ауызша формадағы ғылыми стиль мәтіндері:

- ғылыми баяндамалар;
- ғылыми дәрістер.

Ғылыми стильдің өзіндік ерекшеліктері:

- жақсыз баяндалуы немесе «біз» сөзі атынан қолданылуы (ұсынамыз, санаймыз, талдауға түсірдік т.б.);
- ғылыми терминологияның аса мол қолданылуы;
- сөйлеу клишелерінің көп болуы;
- эмоциялық-экспрессивтік лексиканың өте мардымсыз болуы тіпті мүлде қолданылмауы;
- етістікке зат есім, сын есім, үстеулердің көп тіркесуі;
- ғылыми мәтін қабылдауға қиын, асықпай оқылатын болуы;
- баяндалатын мазмұнның логикалылығы.

Ғылыми стильдің сипаттамасы: нығыздалған, қысқа да нұсқа, баяндаудың тезиске бөлінуі, цитаталарды қолдануы.

Тілдік ерекшеліктері

Лексикалық ерекшеліктері

- терминдер;
- жалпылама қолданылатын сөздер;
- сөйлеу клишелерінің қоланылуы.

Морфологиялық ерекшеліктері

- Ғылыми стильде жазылған мәтіннің тақырыбы бойынша морфологиялық ерекшеліктер публицистикалық стиль ерекшеліктерімен байланыста қолданылатыны.
- Ілік септікте, жатыс және табыс септіктегі дерексіз зат есімдер қолданылатыны.
- Көпше түрдегі 3 жақ етістіктер іс-әрекет субъектісінің жинақталған мағынасымен тіркесетіндігі;
- Ғылыми мәтінде етістіктен тек зат есімдер мен сын есімдер көп болатыны.
- Жіктеу және сілтеу есімдіктерінің көп қолданылатындығы.

Синтаксистік ерекшеліктері

- Ғылыми мәтіндердің көлемі үлкен емес, шағын болып келетіні. Айтылу мақсатына қарай: хабарлы және лепті болып келетіні.
- Кей ретте эмоциялық бояу реңкті сөйлемдер қолданылу мүмкіндігі.
- Стандартты қалыптағы сөйлемдер қолданылатындығы.
- Ғылыми мәтінге цитаталардың өріліп қолданылуы.
- Ғылыми стильдің басты мақсаты – адресатқа ақпаратты жеткізу.
- Ғылыми терминологияның ғылыми тілдің бір бөлшегі болып табылатындығы

Терминнің өзіндік ерекшеліктері:

- жүйелілігі;
- анықтамасының болуы (дефинициясы);
- бірмағыналылық;
- стилистикалық бейтараптылық;
- экспрессияның болмауы;

Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау

Екі мәтіннің ұқсастығы

Көтерілген мәселелер

Екі мәтіннің айырмашылығы

А Мәтіні

Ә Мәтіні

Түрі

Көзделген аудитория (кімдерге арналғандығы)

Мақсаты

Мазмұны

Стилі

Тілі



Талдау барысында басшылыққа алатын көмекші нұсқаулық

Реті	Талдау түрі	Жауап үлгісіне сілтеме										
1	Формасы бойынша (сөйлеу формасы)	<p>а) Жазбаша – әдеби норманы қатаң сақтап жазу түрінде сипатталады.</p> <p>ә) Ауызша – дыбысталып, әдеби норманың еркін түрімен сипатталады.</p> <p>Мәтін түрлері : Суреттеу, баяндау, талқылау, сендіру, аргумент келтіру</p> <p>Типтері: Монолог, диалог, полилог</p> <p>Полилог (грек, polysкөп, logosсөз, әңгіме) — бірнеше адамның арасында болатын әңгіме. Сөйлесушілердің санының екеуден көп болуы полилогтың диалогқа ұқсастығы мен олардың монологқа қарама-қарсы ортақ қасиетін аша түседі. Полилог сөйлеу тілінің формасына жатады</p>										
2	Жанры	<ul style="list-style-type: none"> - Мақала, репортаж, очерк, рецензия, интервью, комментарий - Әңгіме, повесть, роман, өлең, драма, ертегі, трагедия, комедия - Лекция, монография, оқулық - Ғылыми журнал, диссертация - Бұйрық, арыз, қызметтік хат - Хат, емейл, блог-пост, үндеу мәтіні - Өмірбаян, күнделік, жол жазбалары - Жарнама, хабарландыру, нұсқаулық - Дау тудыру, әңгімелесу, хабарлама, баяндама, мінберсөз - Сәлемдесу, үндеу тастау, сұхбат 										
3	Мақсаты: Бұл мәтін НЕ ҮШІН жазылған немесе	<table style="width: 100%; border: none;"> <tr> <td style="width: 50%;">Ақпарат беру</td> <td style="width: 50%;">Қызықтыру</td> </tr> <tr> <td>Сендіру</td> <td>Дауласу</td> </tr> <tr> <td>Талқыға салу</td> <td>Суреттеу</td> </tr> <tr> <td>Ақыл-кеңес беру</td> <td>Нұсқау беру</td> </tr> <tr> <td>Сын пікір беру, баға беру</td> <td>Тәрбиелеу</td> </tr> </table>	Ақпарат беру	Қызықтыру	Сендіру	Дауласу	Талқыға салу	Суреттеу	Ақыл-кеңес беру	Нұсқау беру	Сын пікір беру, баға беру	Тәрбиелеу
Ақпарат беру	Қызықтыру											
Сендіру	Дауласу											
Талқыға салу	Суреттеу											
Ақыл-кеңес беру	Нұсқау беру											
Сын пікір беру, баға беру	Тәрбиелеу											

<p>Мәтіннің мақсаты Мәтіннің қызметі қандай?</p>	<p>Көзделген аудиториясы Кімдерге арналған?</p>	<p>Мазмұны</p>
<ul style="list-style-type: none"> • Ақпарат беру • Қызықтыру • Сендіру • Дауласу • Талқыға салу • Суреттеу • Ақыл-кеңес беру • Нұсқау беру • Сын пікір беру, баға беру • Тәрбиелеу • Хабарлау 	<ul style="list-style-type: none"> • Түрлі жастағыларға, яғни, өте кішкене балаларға немесе зейнеткерлерге; • Арнайы топтарға: мысалы, тарих немесе футболға қызығушыларға; • Кәсіби мамандарға: мұғалімдерге немесе дәрігерлерге; • Әр түрлі әлеуметтік топтарға: жұмыссыздарға, еріктілерге, жас қызметкерлерге • Жалпы аудиторияға: кең шеңберлі оқырмандары бар танымал газеттерге 	<ul style="list-style-type: none"> • Мәтінде не туралы айтылады? • Тақырыппен және мәтінмәтінмен байланысы <p>Мәнмәтін</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тарихи • Әлеуметтік (мектеп/отбасы/бизнес/жұмыс), т.б.

Тілі

Мәтіндік сипаты	Сөйлемдік сипаты	Сөз қолданыстары
<ul style="list-style-type: none"> • Азат жол құрылымы • Азатжолдарды байланыстырушы сөздер • Шақтардың әр алуандығы • 1 немесе 3- жақтан баяндау • Мәтін құрылымының логикалылығы • Мазмұндаудың қолжетімділігі • Автор үні мен көзқарасы 	<ul style="list-style-type: none"> • Жай / құрмалас • Сұраулы / риторикалық сұрақтар • Лепті • Болымсыз • Өздік / ырықсыз етістер • Жақсыз сөйлемдер • Синтаксистік параллелизмді сөйлемдер 	<p>Лексика:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жас ерекшелігі • Эмоционалды • Жаргон сөздер • Ауызекі қарым-қатынас сөздері • Кәсіби тіркестер, мысалы, ғылыми, мектеп, «бөбек жырлары» • Қысқартулар <p>Тілдік тәсілдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кейіптеу • Қайталау түрлері • Теңеу, метафора • Эпитет, гипербола • Аллитерация • Ассонанс, т.б.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмасы

Бөлім/тақырып

Табиғат пен климаттың ұлттық мінезге әсері бар ма?

Оқу мақсаты

О4 Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау.

Ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру.

Бағалау критерийлері:

1. Ауызекі сөйлеу және ресми стильдің ерекшеліктерін ажырата алады;
2. Екі түрлі мәтіндегі тілдік құралдарды сауатты талдай алады.

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма

Екі мәтіннің ұқсастығы мен айырмашылығын (мәтіннің түрін, мақсатын, мазмұнын, стилі мен тілін) салыстырып жазыңыз. Мәтіндегі қарамен белгіленген сөздерді құрамына, мағынасына талдаңыз. Жұмысыңыздың көлемі шамамен 80-100 сөзден тұруы тиіс. Пікіріңізді қажетті деректермен дәлелдей біліңіз. Тапсырмаларды орындағанда, тілдің сапасы мен тазалығына назар аударыңыз.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
Ауызекі сөйлеу және ресми стильдің ерекшеліктерін ажырата алады	1	Екі мәтіннің түрін анықтайды	1
	2	Мазмұнын біледі	1
	3	Стилін ажыратады	1
	4	Көзделген аудиториясын анықтайды	1
	5	Екі мәтіннің мақсатын айқындайды	1
	6	Екі мәтіннің құрылымын анықтайды	1
Екі түрлі мәтіннен тілдік құралдарды сауатты талдай алады.	7	Тілдік қолданыстардағы (кемінде 2) ерекшелікті анықтайды.	2
	8	Одағай сөздердің қызметіне талдау жасайды.	2
			10

Тіл сапасы

- Астарлы мағыналар, нұсқауларды, алуан түрлі, күрделі мәтіндерді түсінеді. Мәтіндердің егжей-тегжейі мен екіұштылығын, стилистикалық әдістерді түсініп, терең түсінгендігін көрсетеді.
- Әлеуметтік және академиялық мақсатта күрделі құрылымдар мен сөз қорын орынды қолданады, сирек кездесетін лексика қолданылып, ойлары еркін және анық жеткізеді.



- Ұйымдастыру мен коммуникативті жетістіктері
- Ұйымдастыру жолдары үлкен шеберлікпен, мағыналы байланыстыру құралдары арқылы кең қолданыс тауып, ойларды қорытып дамытулар мен әбден жетілдіріп келтірілген мазмұн мәтінде нәтижелі орындалған.



- Оқу жоспарының тақырыптарына байланысты бірнеше тақырып бойынша егжей-тегжейлі қозғарастарын түсіндіріп, анық та, құрылымы толық нәтиже көрсетеді.
- Ақпаратты өте шапшаң тауып, қабылдап, өңдей алады.
- Талқылау кезінде өз ойын қолдаусыз және жетік жеткізе алады. Күрделі ойларды байланыстыра алады.

